



## 2020-2021 оқу жылында Есет батыр атындағы ОРОММИК тәрбиешілердің әдістемелік бірлестігінің жасалған жұмыстары туралы мәлімет




2020 жылы 28 тамыз күні тәрбиешілердің әдістемелік бірлестігінің отырысы «ZOOM» платформасы арқылы өткізілді. Отырыс барысында қашықтан оқыту кезінде тәрбие процесін оңтайлы ұйымдастыру, қашықтан тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдістері туралы мәселелер қаралды. ОРОММИК тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.М. Нұрмағамбетова «2019-2020 оқу жылындағы тәрбие жұмысының нәтижелері және 2020-2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері», бірлестік жетекшісі Б.Ш.Жолдасбаева «2020-2021 оқу жылындағы құндылықтарға негізделген білім беруді ұйымдастыру», мектеп-интернат тәрбиешілері Ж.Ж.Мустафина мен Г.Б. Тлеубаева «Қашықтан оқыту жағдайында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығы мен тиімділігі», «2020-2021 оқу жылында тәрбие жұмысын жоспарлау мен қашықтан тәрбие жұмысын ұйымдастыру» тақырыптары бойынша сөз алды. Отырыс барысында сұрақтар қойылып, жауаптар берілді.



ОРОММИК тәрбиешілері АОҒТО ұйымдастырған «Жатақхана тәрбиешілерінің және топтағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылып жүргізілуі» тақырыбында «ZOOM» платформасы арқылы облыстық әдістемелік семинарға түгел қатысты. Вебинар барысында қашықтан оқыту процесінде педагогтерге, білім алушыларға және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жұмыс түрлері және жатақхана тәрбиешілерінің

рөлі туралы мәселелер қарастырылды. Аталған шара аясында, қашықтан оқыту кезінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы маңызды мәліметтер мен ақпараттар алынды.



Тәрбиешілердің эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру, психологиялық ахуал тудыру үшін МИК психологі Т. Советова тәрбиешілермен психологиялық тренингтер өткізді.



Наурыз мерекесіне орай МИК тәрбиешілері «Ұлттық киімдер – ұлттық мұра» тақырыбында челленджге қатысты.



Халқымыздың біртуар ұлы М. Ғабдуллин: «Тәрбие мәселесі- мектеп өмірінде ешқандай маусымды, үзіліс дегенді білмейді, үздіксіз жүргізіліп отыратын процесс» деп атап көрсеткеніндей,

тәрбие – үздіксіз жүргізілетін әрі қоғам мен жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Жыл бойы жүргізілген жұмыстарға қорытынды жиналыс өткізілді.

